

А.Байтұрсынұлы және қазақ әдебиетіндегі діндәр дәуір жүйесі

«Әдебиет танытқышта» діннің әдебиетке қатысты міндеті, «шарият бұйрықтарын өлең арқылы білдіру мақсатпен істелген іс» деп айқындалады. Осы орайда қандай да бір көркемдік пішіннің өзгеру заңдылығына тарихи, кезеңдік факторлардың да әсер ететінін айта кетуіміз керек. Бірнеше талап тұрғысынан келгенімен аталмыш фактордың да маңыздылығын А. Байтұрсынұлы терең түсінген. Бірнеше талап тұрғысынан келуі деуіміздің бірі деп, біз ғалымның: «Бірақ қожалар, ноғай молдалар көбінесе ақын болмағандықтан, қазақтың ертегі жырларындай келістіріп, мұңды, зарлы, әдемі қылып шығара алмаған. Шығармалардың азабымен қорқытып, жұмақтың рахатынан үміттендіріп, дін арқылы тыңдаулы қылған. Қожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолда сияқты ақындар шыққаннан кейін, жазба сөздері бітегенге дәмділенген. Бірақ қайсысында болса да белгілі бағыт болмаған. Шығарған сөздері, бағыт жағынан қарағанда, адасқан адамның ізі сияқты, бәрінің де адаспайтын жалғыз жолы – дүниеге қызықпай ақыретке азық жси деу, гүшыр, зекет, пітір, садақа беру, жаназаға мал байлау, намаз оқу, ораза ұстау, қажсыға бару жағынан ақыл айту шылғалақ, адам біліп болар емес»¹ деген тұжырымын алға тартып отырмыз. Әрине, ғалым бұл жерде ғұмыры ұзын тұжырым айтып отыр. Дін парасаты деген – өте нәзік тақырып. Қай кезде де дінді кәсіби уақытша шаруашылыққа айналдырушылар, одан өз пайдасының көзін категорияларымен ұдайы байланыста қарайтын діндар адамдардың негізінен иман, сенім олармен тұрақты арпалысып та келген. А. Байтұрсынұлы да мұсылман дінінің рухани ілгерілеу мен мәңгілік сауалдардың шешіміне бойлайтын қызметімен бірге² шолақ діншілдердің дінді бір мамандық көрген жылпостық мінездерін де ашып береді. Ғалым айтып отырған «былғалақ-шылғалақтық», діннен келіп шығатын надандық әрекет – дәл бүгінгі техногендік, сауаты жүйрік деп жүрген қоғамымызда да дендеп тұр. Осындай тар ойлайтын

¹ «Әдебиет танытқыштын» қандай сындарлы кезеңде жазылғанын ескерсек, еңбектегі танымдық мінәжат сөздердің көптеп кездесуін де кездейсоқтық дей салуға келмейді. Тіпті, сол кезеңдегі біржақтылық талап тұрғысынан алғанда да, діндәр дәуірге жалпылама сипаттаманың өзі жеткілікті болар еді. Ал «Әдебиет танытқышта» керісінше жалпы жүйелену қағидасын орай, діни әдебиеттің ішінен танымдық, адамдық мазмұны тереңге тартатын мысалдар көптеп алынған. Мәселен:

² «Кұдая, күдіретіңе таң қаламын,
Жолында бір ғашықтың зарланамын.
Іпінді ғашық оты күйдіреді,
Сыртыма шағаруға арланамын»
«Әуелі бисмилла деп сөз басталық,
Алланың хақ жолынан адаспалық,
Жолы деп шарияттың ғамал қылса,
Иншалла сол уақытта азбас халық.
Азырақ осы жерден шошынамын
Өтірік пайдаға асты, рас қалып.
Жалған сөз азаматқа болды оңай,
Замана болды, халқым, әлдеқалай!
Лузыңнан жалғыз қалам шыққан сөзің
Кезеді бір сағатта тоқсан тоғай.
Кұдайым өзі сақтап, оңғармаса,
Болып тұр бұл замана судан да ылай»
(Әбуәжір)

дін адамдарының бара-бара «Домбыра тарту, ән салу, өлең айту сияқты халықтың үйреншікті зауықтарына дейін күнә деп» тыйғысы келгендігін айта келіп: «Бірақ ұзын арқан кең тұсауға қалыптанған қазақ шарияттың тар тұсауына үйрене алмаған. Шыдатпай үзіп өз жөнімен жүре берген. Сондықтан жазу әдебиетпен қатар, қазақтың ауыз әдебиеті жоғалмастан, түгел күйінде сақталған» - деп түйеді. Бұл жерде әрине, ел шығармашылығына қатысты өзгешелікті діни қағидалар жүйесімен тікелей байланыста қарауды аса бір орнықты тұжырым дей алмаймыз. Діни таным мен кәсіби шығармашылық танымның аясы екі басқа екені түсінікті жайт. Ал енді оларды бір-біріне байлап беріп, бірі әлсіз болғанда екіншісі күшті болғаны жай шартты ғана жағдай. Немесе белгілі бір үлкен таным нүктесін сері де, көкпаршы да, ғалым да жеке-жеке өз таным-тілдерімен танып, игереді. Одан кейін де сол өзіндік жеке таным-тілдерімен әсте қоштаса да қоймайды. Бұл формула көркемдік ойлауға да бөтен емес. Ел шығармашылығының спецификасын аз зерттемеген В.Я. Пропптың да «Литература есть продукт иной формы сознания, которое условно можно назвать индивидуальным сознанием. Это не значит, что она осуществляется через индивид, оторванный от среды; это, наоборот, означает, что индивид представляет эту среду и свой народ, но представляет его в своем индивидуальном, неповторяемом личном творчестве» деуі де бекер болмаса керек .

Әрине, бұл жерде мәселенің және бір жағы бар. Жоғарыдағы тезисте ең алдымен А.Байтұрсынұлының сөз өнерінің биік мұратын қазақ ұлттық болмысымен бірлікте қарағанын аңғаруға болады. Мәселенің әлеуметтік келбетін айта кеткенде де сол биіктен қарайды. Жазба әдебиеттің қалыптасуы жайлы айтқанда да сондай ұстаным басым тұрады. Мәселен, бұл туралы әдебиеттаншы Айгүл Ісімақова А. Байтұрсынұлының *ділмәр дәуір* дегенін ұлттық әдебиеттің басталуымен байланыстыра қарағанымыз жөн деген ұтымды пікір айтады. Яғни, мұнан шығатын қорытынды әр халықтың өз асыл сөзі бар да және сырттан келетін әдеби пішін сөздер, жаңалықтар, ізденістер бар, ғалым «Әдебиет танытқышта» сол екеуінің ара-жігін мағыналық жағынан да кезеңдік жағынан да ашып береді. Және де А.Байтұрсынұлы осылардың арасына саясат та басқа да келіп килігеді дейді. Ғалым алғашқы тараулардағы көркем сөздің поэтикасын айтқанда бұл мәселелерге бармаған еді. Ал енді жазба әдебиеттің сипаты сөз болғанда мұндай сыртқы факторлерге аздап болса да шегініс жасап отырған тұстары бар. Діндәр дәуірге қатысты айтқаны жоғарыдағыдай болса, ділмәр дәуірдің алғышарттарын айтқанда ғалым былай дейді: «Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, таңып тастаған себепті әдебиет көпке дейін өңдеп өсе алмай, мешел болып, аяғын баса алмай жатқан, сол күйінде тұрғанда *орыс үкіметінің саясаты келіп килігеді*. «Қазақ діні шынығып жетпеген шала мұсылман халық, мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жібеу оңай» деген пікірмен, орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді. Оның үшін қазақ балалары ноғайша оқымай, орысша оқитын боларлық саясат жүргізеді. Қазақ балалары үшін школ ашады; ноғайға қазақтың жазу жағынан сорпасы қосылмас үшін, *араб әрпін қалдырып, қазақ тіліндегі кітаптарды орыс әрпімен басады*» дейді.

А.Ісімақова «Әдебиет танытқышты» асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән қасиеттерін қазақ ұлттық әдебиет жүйесіне сай түсіндірген еңбек деп жоғары бағалайды. «Зерттеуде дүниежүзілік әдебиеттанулық компаративистикаға тікелей қатысты пікір берілген» дейді.

Мәселен, ғалым: «Қазақ әдебиетінің діндәр дәуірі де, ділмәр дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндәр дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған. Ділмәр дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр» - дейді де, «Мұндай бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде ғана болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған, Европадағы басқа жұрттар алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Европадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз» - деп жалпы әдеби сөздің типологиялық ерекшелігі туралы тұжырымды да алға тартады. Яғни, қазақ әдебиетінің діндәр дәуірін де, ділмәр дәуірін де «халық әдебиетін

дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер» деуінің бір жағы поэтиканың тарихи-салыстырмалылық қағидасымен іліктесіп жатыр. Енді мұның теориялық негізіне келгенде В.М.Жирмунскийдің : «Нужна не поэтика, построенная на априорных заключениях, на дедукции, которая выводит поэтику из общих правил, основанных на человеческом разуме, а по мысли Веселовского, «индуктивная поэтика», основанная на историко-сравнительном принципе» тілге тиек етіп кетпей болмайды.

А.Байтұрсынұлы ендігі кезекте жазу әдебиетін оның тегінен таратып қарайтынын ескертеді: *«Жазу әдебиетіне басқа жұрт үлгісі қатысқандықтан, біз де жазу әдебиет шығармаларын – діндар дәуірдегі болсын, ділмар дәуірдегі болсын – ауыз әдебиетініңше тұтыну орындарына қарай бөлмей, айтылу орнына қарай бөлеміз»* . Ғалымның «айтылу орнына қарай» деуінің мәні жазба әдебиетінің ең негізгі спецификасына бойлайды. Яғни, сөз өнерінің эпикалық, лирикалық, драмалық баяндау ерекшеліктері. «Жазу әдебиет негізінде үшке бөлінеді: Ертеке (әңгіме), 2) толғау, 3) айтыс-тартыс.

Жазу әдебиетінің ертеке түріне кіретін сөздері ауыз ертеке, ертеке жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ; ашып айтқанда, ауыз әдебиетте айтыс-тартыс түріндегі сөздерден айтыс бар да тартыс жоқ. Айтыс-тартыс түріндегі шығармалар жалғыз қазаққа ғана емес, басқа жұрттардың да ауыз әдебиетінде болмаған, айтыс-тартыс түрдегі шығармалар өте шеберлікті керек қылғандықтан, өнер күшейген кезде шыққан».

«Діндар дәуір» дегенді әдебиет тарихының әдістемелік қағидаларымен тікелей байланыстыра алмаймыз. «Байланыстыра алмаймыз» деп біз, әдебиет тарихының дәуірлеу, кезеңге бөлу секілді спецификалық тұстарын ғана айтып отырмыз. Сол себепті де бұл тақырыпты теориялық поэтиканың дүрбісімен, реті келген жерлерінде бүгінгі жаңа тарихи поэтиканың ұстанымдарымен қарауға тырысамыз. Әрине, бұл жерде біз, әдебиет тарихының теориялық поэтика мен тарихи поэтиканың бір парасы екенін ескерусіз қалдырып тұрған жоқпыз. Бірақ, теориялық поэтиканың аясына кірген соң, әдебиет тарихының пән ретіндегі жеке әдістемелік басымдығы бірден әлсіреп қалады. Бұл пікірімізге дәлел ретінде «Әдебиет танытқыштың» мазмұнын, яғни сөз өнеріне қатысты ұстанған әдістемелік қағидасын келтіре аламыз. Кітап толығымен теориялық поэтиканың талабына жауап беріп, оның пән ретіндегі барлық мүмкіндігін де ашып береді. А.Байтұрсынұлы шығарманың тарихына барған күннің өзінде де, тек сол асыл сөздің теориялық қасиеті тұрғысынан ғана барады. Дәлірек айтқанда, теоретик А.Байтұрсынұлы үшін шығарманы қай кезеңге жатқызамыз, қайдан келді дегеннен гөрі, «шығарманың ішкі-сыртқы түрі қандай», «не айтқысы бар» деген сұрақтар маңызды. Бұл сол пәннің төл спецификалық негізімен қарағанда, әрине түсінікті жайт. «Діндар дәуірге» де сондай талаппен қарайды. Мұнда «дәуір» деген сөз тақырып атауында кезіккенмен, мәтін барысында неге олай жүйеленгені айтылмайды. Есесіне сол діндар дәуір тудырған шығарма түрлері жайлы, олардың мазмұндық деңгейі жайлы пікірлер көптеп кездеседі. Теориялық поэтиканың талабымен қарайды дейтініміз, ғалым тақырыптың басында ә, дегеннен-ақ: *«Діндар дәуір ауыз әдебиет түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айрылмаса, айрықша түр-тұрпатымен айрыла қоймады. Діндар жағының басымдығымен айрылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау терме; бұлардың әрқайсысын қысқаша баяндап, мысал келтіріп, сыр-сипатын көрсетіп өтейік»* дейді. «Әдебиет танытқышта» «Діндар дәуір» туралы жалпы түсінік қысқа қайырылғанымен, сол дәуір тудырған шығармалардың түрлеріне мол мысалдар келтіріледі, әрбір түріне жеке-жеке түсіктемелер де беріледі.

Негізі дәуірлеу мәселесі кеңес әдебиеттану өкілдеріне дейін осылай қарастырылған. М.Әуезов пен Х.Досмұхаммедұлы еңбектерінде де қазақ әдеби процесінің дәуірлеуі

келтірілген. Кеңес кезінде әдебиеттің дәуірге бөлінуі С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, М.Базарбаев, С.Қирабаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Х.Сүйіншәліев, М.Мағауин, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов еңбектерінде де жан-жақты зерттелген. Аталған еңбектер әдебиет тарихы тұрғысынан дәуірлеу жүйесінің түрлері болып табылады.

Тарихи поэтика мен теориялық поэтиканың міндеттері бір-бірін ұдайы толықтырып отыратыны белгілі. Егер теориялық поэтика – сөз өнері категорияларының жүйесін жасап, оларға логикалық-түсіндірмелі талдаулар беріп отырса, тарихи поэтика – сол жүйенің генезисіне үніледі.

Себебі, Н.К.Пиксанов айтқандай, «Любой эстетический элемент, любая поэтическая форма или конструкция могут быть научно осознаны наиболее чутко, тонко и единственно верно только в полном изучении их зарождения, созревания и завершения» [108, 18 б]. Б.В.Эйхенбаумның да Гогольдің «Шинеліне» қатысты тұжырымдары Пиксановпен орайлас. «Шинелдің» феноменін ұғу үшін оның генезисіне бару керек, ал генезисі туынды жасалуының қалай жүзеге асқандығын да қамтитыны аян. Мұның бір шеті текстологиямен тығыз байланысты. Бірақ, дәл біздің қарастырып отырған тақырыбымыз тікелей жанрлық түрлерге қатысты болған соң, қайта соған оралсақ.

Егер, осы тұрғыда А. Байтұрсынұлы келтірген діндар дәуірдің түрлерін (*қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау терме*), жанр ретінде талдасақ, олардың жеке-жеке жанрлық түр-сипатына да баруға тура келеді. Дәл осы тұрғыда академик С.Қасқабасов былай дейді: «Жанр дегеніміз – оқиғаны, сюжеттік материалды белгілі бір мақсатпен тұтас мазмұнды, айқын идеялы шығармаға айналдырудың әдісі, жолы, құралы. Ойымызға дәлел ретінде айтарымыз – бір сюжет негізінде әр түрлі жанрға жататын бірнеше шығарманың жасалуы. Мысалға Жүсіп пен Зылиханың хикаятын келтіруге болады. Бұл хикаяттың сюжеті ертегіде де, дастанда да, кейінгі замандағы драмада да баяндалған. Сюжет – біреу, ал жанр – бірнеше. Әр жанр - өзінің композициялық және көркемдік әдісімен бұл сюжетті өзінше жырлаған. Айталық көне замандағы Інжілге (Библияға) енген сюжет жай ғана хикаят мысал болатын. Кейін ол хикаялық (новеллалық) ертегіге айналды. Орта ғасырда бұл сюжет дастан болып жырланды». Сөз жоқ, мұнда ғалым салыстырмалы тарихи поэтика тәсілдерімен тікелей байланыста қарайтын пікірді алға тартып отыр. Сол себептен де «Діндәр дәуірдің» түрлерін арнайы бөлек зерттеу ретінде қарастыру мүмкіндіктері туады. Қиссаға жанрлық анықтама берерде А. Байтұрсынұлы Құранда кездесетін төмендегі оқиғаны мысал ретінде келтіреді де оның әңгіме түріндегі де өлең түріндегі де үлгісін қатар ұсынады. Қара сөз түрінде келтірілген қысқаша мазмұны мынадай : *«Қиссаның қысқаша мазмұны мынау: Қарынбайға зекет бергіз деп Құдайдан Мұсаға әмір келеді. Мұса Қарынбайға барады да, Қарын, малы сөзсіз көп бола тұрып, Мұсаға мал союға қимай, мысық сойып, алдына әкеліп қояды.*

Мұса «мыш-мыш» дегенде, табақтағы ет мысық болып түрекеледі.

Қарынға қатты ашуланады. «бірақ малыңнан зекет берсең, мысық сойған күнәңді кешемін», - дейді. Қарын: «саған зекет беретін қолайлы малым жоқ», - дейді. «Зекет бермесең, жер жұтсын!» - деп ақырғанда, періштелер келіп, жер кіндігін тартады. Жер тартып, Қарын белуарынан кіреді. Мұса қолынан ұстап тұрып: «Зекет бересің бе?» - деп сұрайды. Қарын: «Өлтірсең де бермеймін», - дейді. Мұса: «Тарт тағы!» - деп әмір еткенде, Қарын жерге иегінен енеді. «Зекет бермесең, Құдай жүзін көрмейсің, малың шаян болып шығады. Жаһаннам түбіне кетесің», - деп Мұса үгіттесе де, Қарын болмайды. «Өлтірсең, өлтіре бер, бірақ мал бер деген сөзді аузыңа алма», - дейді. Мұса: «Өз обалың өзіңе, бар!» - дегенде, Қарынды мал мүлкімен жер тартады. Сол күйі мал-мүлкімен әлі күнге дейін Қарын жерге жұтылумен барады дейді» .

Тақырыпты түйіндей келе айтарымыз, сөз өнерінің теоретигі З.Қабдолов деп басып айтқандай: «Сөз жоқ, кез келген әдеби шығарманың жанрлық сипаты, өзгешелігі бар. оны анықтау шарт. Алайда бұл – аз. Бұдан бұрын, кез келген әдеби шығарманың жанрлық сипат һәм сымбат алғанға дейінгі табиғи туу процесі, заңды жаралу тарихы бар. Мұны ескермеске болмайды». Бірақ мәселе солай бола тұра, «Әдеби шығарманың өзгешелігін осылайша тарихи тұрғыдан пайымдай тұра, қай дәуірде жазылсын, қандай қоғамдық шындықтан тусын бәрібір, тектес туындыларда адам өмірін бейнелеу жағынан заңды ұқсастық, композициялық құрылым жағынан бірлік болатынын тағы ескеру қажет» секілді. Ғалым бұл жерде тарихи поэтиканың әдебиет тарихына көркем сөздің калыптасуы тұрғысынан келіп байланысатын және бір міндетін еске салып отыр.

Осы айтылған бірқатар пікірлерді негіз ете отырып, төменде Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған «Әдебиет танытқыштағы» «Діндәр дәуірдің» мысалдарын категориялық анықтамаларымен бірге ықшамдап беруді жөн санадық.

1. «Қисса - өлеңмен жазылған, көбінесе діндар әңгімелер. Бұл әңгімелер қазақ тұрмысынан сөздер емес, басқа жұрттардың ертектері. Мазмұнына қарағанда қисса екі түрлі:

А) Дінді қасиеттеу үшін мұсылман дінінің артықшылығын, асылдығын халықтың құлағына сіңіріп, көңіліне қондыру мақсатымен шығарған қиссалар, бұлар кәпірлермен соғысқанда Құдай қолдап, мұсылманның жеңгендерін, кәпірлердің дінге енгендігін сөйлеп өтеді.

Б) Шаригат бұйрықтарын орнына келтірмеген адамдардың өмірінен де мысал келтіріп, шаригат бұйрығын орнына келтірген адамдардың өмірінен де мысал келтіріп келтіргенге не болғанын, келтірмегенге не болатынын көрсетіп елге шаригат бұйрығын істету мақсатпен шығарған қиссалар; мұндай қиссаларды өлеңшілікті тіленишілікке айналдырып жіберген ақындар, жыршылар сияқты Алланы азыққа, тамаққа айналдырып жіберген молдалар шығарған: зекет, гүшыр, пітір, бедие сияқты нәпселердің берілетін орнын айтпайды, беру керектігін айтып зарлайды (берсе, кімге беретінін айтушылар өзі біледі).

2. Хикаят. Діндар дәуірдің өнеге үшін шығарған әңгімелері хикаят деп аталған. Хикаят дін үйрету ғана мақсатпен шығарған емес, дінне басқа жағынан да өнеге көрсету үшін айтылады. Сондықтан хикаят тақырыбы түрлі-түрлі болады.

Мысал:

Бекер босқа жүргенше бойды балап,

Жақсы депті әр іске қылған талап.

Пайғамбарды құданың заманында

Жүреді екен бір жігіт бекер қарап.

Қылып жүрер бір жұмыс өзге бенде,

Бекер жүрер бірақ та сол көргенде.

Түс суытып, қарамай өтеді екен

Ол жігітке пайғамбар кез келгенде.

Жолыққанда бір сапар күліп өтті,

Көргеннен-ақ қарасын күлімдепті.

*«сахабалар тақсыры-ау, күлмеуші еңіз,
Не себептен күлдіңіз бүгін?» - депті.*

*Айтты сонда: «Себеп бар күлгенімде,
Күлмеуші едім жолықса ілгеріде.
Екі шайтан қасында жолдас еді,
Бекер қарап ілгер жүргенінде.*

*Отыр екен бұл сапар жерді сызып,
Жолдастықтан қашыпты шайтан бұзып.
Келіп екі періште, қасында отыр!
Сол себептен күліп ем көңілім қызып».*

*Бекер жүрген батады бәлекетке,
Адам болсаң, жолама ол әдетке.
Құры қарап жүргеннен артық дейді
Пайдасыз бекер қылған әрекет те.*

(Молда Мұса)

3. **Насихат.** Насихат деген – ақыл, үгіт мағынасындағы сөз, діндар дәуіріндегі үгіт өлеңді шығарушылар насихат деп атаған. Діндар дәуірде насихат айтушылар насихатын да шаригат жолына тіреп айтқан.
- 2)Билер, пара жемеңіз!

*Жалғанды жолдас демеңдер,
Ақирет қамын іздеңдер!
Жанға тіпті тимеңдер!*

*Кісі ақысын алмаңдар!
Аузыңа арам салмаңдар!
Дүние жиып өткен жоқ
Бізден бұрынғы пайғамбар.*

*Сөз айтайын үлкендер!
Құдайдан қапы кетпеңдер!
Әлің келсе, Мекке бар,
Старшың, болыс болам деп.*

Бсырап қып мал төкпеңдер!

(Шортанбай)

4. Мінәжат. Діндар дәуір мұңды, зарлы сөздеріне мінәжат деп ат қойған. Әуелінде мінәжат деп ғұламалардың Құдайға айтқан зары, арызы, налысы айтылған. Бара-бара зарлық, мұңдық мағынасына айналып, зарлық өлең сияқты сөздер де мінәжат деп аталатын болған.

Кәпір патшасы Жүсіпбектің сөзіне ашуланып, дарға асуға бұйырғанда, Жүсіпбек медем тілеп айтқан мінәжаты мынау дейді:

Он сегіз мың ғаламның

Падишасы едің Құдайым!

Құдая, саған жылаймын,

Кешіргейсің күнәйім!

Кәпірлер аспақ таладар

Дар үстінде еттім зар.

Дін шырағы Мұхаммет,

Сенен басқа кімім бар!

Құдай шері, иә, Ғали,

Біздерден болшы хабардар!

Айналайын Имам-Ағзам!

Қаниа болды менің жазам?

Кәпірлерден жетті қазам.

Шын қақиқат қозым деп,

Назар етер күн енді!

5. Мақтау. Діндар дәуірдің мақтау өлеңінде діндарлық көрініп тұр. Діндар дәуірден ілгергі ақындардың сөзінен діндар дәуірдің ақындарының сөзінде керек емес артық сөздер толып жатыр. Көбінің мақтауы да орынсыз келеді. Аят оқитын адамша көбі өлеңдерін ағузу мен бисмилладан бастайды.

Мысалы: сарт Жақып деген ақынның Әлмағамбет судьяны мақтаған сөзі былай басталады:

Әуелі ағузу билла бастағаным,

Жарамас Хақтың сөзін тастағаным.

Бисмилла рақыман рақым деп,

Етпекке шәні мадық қастағаным.

Тартамыз ағузу билла әуел бастан,

Бисмилла сөз тартылса, шайтан қашқан.

Тұсында ә патшаның бі сұрқылтай,

Тұра алман етпей қарая шәні дастан...

6. Даттау. Сөгу, жамандау, айыбын, мінін айту – бәрінің жалты аты даттау болады. Даттау табына бір адамның басындағы мінін айтқан сөз де кіреді, бүтін елдің, халықтың басындағы мінін айтқан сөз де кіреді.

Көпті даттау мысалы:

1) Әуелі бисмилла деп сөз бастадық,

Алланың хақ жолынан адаспадық.

Жолы деп шаригаттың гамал қылса,

Иншалла, соло уақытта азбас халық.

Азырақ осы жерден шошынамын

Өтірік пайдаға асты, рас қалып.

Жалған сөз азаматқа болды оңай,

Замана болды, халқым, әлдеқалай!

Аузыңнан жалғыз кәлам шыққан сөзің

Кезеді бір сағатта тоқсан тоғай.

Құдайым өзі сақтап, оңғармаса,

Болып тұр бұл замана судан да ылай.

(Әбубәкір)

7. Айтыс. Діндар дәуірдің айтыс өлеңдері де дін әсерінің күштілігін көрсетеді: ақындар айтысқанда, бірін-бірі сүрінту үшін, дінге, шаригатқа теріс гамалдарын көрсетіп сүрінтуге тырысады. Шаригатқа теріс істерін мін қылып мүдіртпек болады. Мәселен, Айқын мен Жарылғасын айтысқанда екеуі шаригатты жамандық-жақсылық, дұрыстық-терістіктің тиянағы, нарқы, таразысы, шаригат жөнімен бірін-бір міндеп айтысқанын көреміз.

Айқын айтады:

Қожа-еке, есенсіз бе? Сәлем бердік!

Мұбәрәк дидарыңды жаңа кордік.

Жүзіңде рақметің бар ер екенсіз,

Жоқ шығар көңіліңізде тәкаппарлық.

Өзің біл сөйлескен соң не деріңді.

Қазірде қолыңды бер, көріселік!

Жарылғасын қожса айтады:

Жарқыным, сәлем берсең, сәламан бол!

Жетеді мұратына өлмеген құл.

Сіз берсең сәлеміңді, әлік алдық,

Сүннеті пайғамбардың қазулы жол.

«Қол берсең, көріселік!» деген сөзің –

Бұл дұрыс шариғатқа болмайды сол.

Таранған тоты құстай бала екенсің,

Мысалы екі бетің алқызыл гүл.

Хал білмек, жөн сұрамақ ғам ганимант,

Абзалда, сөйлеселік, атың білдір.

8. **Толғау.** Діндар дәуірдің ақындарының толғауларында да, жырларында да дін әсері төменгі мысалдардан көруге болады:

Дін үшін шәр түзеп, мешіт салсам!

Хақ жолға жаннан кешіп бағыштасам.

Азанышы даусын естіп риязатпен,

Намазға бес уақыт жаяу барсам.

Мінбәрда уағаз айтып тұрса имам,

Хақ іске қайым тұрып, сонан қансам,

Мүдәрріс медреседе дәріс айтса,

Шәкіртке күнде екі рет түйе шалсам.

Астыртын қалипамен ақылдас боп,

Күн сайын телеграммен хабар алсам.

Осындай қазақ затта бір ер бар деп,

Жұртына дар исламның анықталсам.

Намыс, яки соғыс толғауы. Діндар дәуірдің жырларында кәпірлермен соғысқанда әскерге қайрат беру үшін намысын қоздарып, қанын қыздыруға айтылған намыс толғауда да дін әсері төмендегі сөздерден көрінеді.

Жүсіп, Ақмет жырында гаширбек қырық жігітке қайрау сөз айтқанда, былай толғайды:

Ойран етіп тау-тасты,

Қанға бояп көз жасты,

Шүлдірлетіп қызыл басты,
Сайлап шашиар күндер бүгін.
Асыл алмас пышақтары,
Тығырадан шашақтары,
Ақыметжанның қожзақтары
Жаннан кешер күндер бүгін.
Ғашырбектің сол озары,
Құрылсын мақшардың базары.
Бек Жүсіптің қошқарлары
Қаннан кешер күндер бүгін.

* * *

Ат құлағын теңестіріп,
Бір-біріңе кеңестіріп,
Кәпірлерді қойша қырып,
Майдан кешер күндер бүгін.

Марқайыс толғауы. Діндар дәуірдің марқайыс толғауында да дін әсері болғанын мына сөздерден байқайға болады.

Байтұрсын, ақтас деген жақын ағалары 15 жыл каторгіде болып, қайтып келіп тұрған қуанышының үстінде айтқан Қарпық ақынның марқайыс толғауында мынадай сөздер бар:

Кәпірге қылыш сілтеп қарысқаным!
Дүниеде теңін тауып жарысқаным!
Тәңіңнен, дұшпан көрсең, түгің шыққан,
Лайық заманыңа арыстаным!
Нашарды сырт дұшпаннан арашалап,
Қам ойлап, қарашыға болысқаным!
Үлгімен әр орында тұра берген
Ақылға Алптондай данышпаным!
Достардан қасірет отын қалас ойлап,
Қайырлы сағатында қауышқаным.
Шұбалаң, Қарақоға, Жыланшықпен
Дені сау түсінікті болыстардың.

Бұл күнде сіздер үшін дұғада тұр

Атқарып жолдас болған орыстарың.*

9. Терме. *Діндар дәуір термесі мен ауыз әдебиет түрінің термесі бірдей. Жалғыз-ақ діндар дәуір дін сөзін көбірек қатыстырумен айрылады.*

Мысал үшін діндар әдебиет термесіненалып қарайық.

1) Шортанбай термелері

Атамыз Адам пайғамбар

Топырақтан жаралды.

Мұсылман, кәпір халайық

Сол Адамнан таралды.

Мұсылманға бұйырған

Көкірегіне қадалды.

Ұлық пенен қарлықтан

Бойыңды тартып, тек жүрсең,

Көрмесің деген залалды.

Белгілі деген бейістің

Жазғы салқын самал-ды.

Тарихы деген тамуқтың

Қысқы суық амал-ды.

Ауыл малыбұралқы

Ақылы жоқ жаманға.

Атасын алдар баласы

Үшбу ақыр заманда.

Жақсылықтан айырым жоқ

Жамандық асқан заманда.

Малынан зекет бермеген,

Аузына Құдай кірмеген

Қайыры жоқ сараң да.

Алақандай ай мен күн

Ғаламның ортақ жарығы.

Жаппардың екі болмайды

әмір қылған жарлығы.
Құбылаға бас қоймақ
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қаза қылмасаң,
Көңіліңде Құдай барлығы.
Жапалық пен жалғыздық
Жалғанның жаман тарлығы.
Түшіркенген ұйқы жоқ,
Қайғының асқан зарлығы»

Жалпы жұмыс барысында нақты мысалдарды барынша мол беруге тырысудағы мақсатымыз – материал алдағы жұмыстарымызда келешек аналитикалық немесе құрылымдық талдауларға қызмет етеді деген ойдан шығып отыр. Себебі ендігі міндетте «Әдебиет танытқыштағы» сөз өнерінің сипаты мен тарихына қатысты тұжырымдарды, ондағы жүйелеу заңдылықтарын тарихи поэтиканың негізінде саралап көру тұр. Олай дейтініміз, «Әдебиет танытқыш» басыағы бүгін бір сұлу ән. Бұл әнде көркем сөз категорияларының ырғағы тарихи категориялардың ырғағының талабынан шыққан деген де өлең жолдары кездеспейді емес.

Resume

The article tells us about specifics of arts. The essence of the matter of art object is analyzed in accordance with A. Baytursinov's theoretical proposition. The author of the article mentions that the question "What is art?" can't be answered by modern literature.

Резюме

В данной статье автор рассматривает систему истории казахской литературы. Классификация периода религиозной литературы анализируется исходя из положении выдающегося литературоведа Ахмета Байтурсынова.

Özet

Makale sanat özellikleri hakkında bize söyler. A. Baytursinov'ın teorik önerme göre sanat nesnesi meselesinin özünü analiz edilir. Makalede "Sanat nedir?" sorusu Modern edbiyatın cevabı olmadığını bahsediyor.